Шымкент қаласындағы «Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау және сұрыптау» атты жоба бойынша
мемлекеттік - жекеменшік серіктестік Келісім шарты

Шымкент қаласы «__» ____2025 ж

«Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» Мемлекеттік мекемесі басшы тұлғасында Оңғар Әбілқайыр Бақытқалиұлы, Шымкент қаласының әкімдігінің 202____ жылғы № __ «Шымкент қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың және сұрыптаудың кешенді әрі орталықтандырылған жүйесін енгізу бойынша мемлекеттік – жекеменшік серіктестік жобасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Мемлекеттік серіктес » , бір тараптан, және

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) «CLEAN VILLAGE», директор тұлғасында Чукетаев Асланбек Ергалиевич, Жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі Жеке серіктес деп аталатын, бір тараптан бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, ал жекелей жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталатын, 202____жылғы № __ конкурс нәтижелері бойынша Комиссия шешіміне сәйкес, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік шартына (бұдан әрі – Шарт) қол қойып, төмендегілерді бекітті:

1. Анықтамалар

1.1. Осы Келісім шартта келесі негізгі ұғымдар қолданылады.
1) Мемлекеттік – жекеменшік серіктестік жобасы (бұдан әрі – МЖС) – МЖС жобасы «Шымкент қаласындағы «Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау және сұрыптаудың орталықтандырылған жүйесі»
2) МЖӘ нысаны – Шымкент қаласы бойынша ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарынан (осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген) тұрмыстық қатты қалдықтарды (бұдан әрі – ТҚҚ) тұрақты түрде жинауды, әкетуді және тасымалдауды, соның ішінде қала аудандарындағы жекеменшік сектордың барлық контейнерлік алаңдарын қамтитын орталықтандырылған қызмет көрсету жүйесі, сондай-ақ ТҚҚ-ны қайта өңдеу/сұрыптау жүйесі. МЖӘ нысаны серіктестердің ресурстарын біріктіру арқылы құрылады және оның құрамына ТҚҚ-ны сұрыптауға арналған желі, жартылай жерасты контейнерлер, оларды қызметпен қамтамасыз етуге арналған инфрақұрылым, сондай-ақ мониторинг және диспетчерлік жүйе кіреді.
3) Тариф – Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету және қайта өңдеу үшін Жеке серіктес өндіріп алатын төлем мөлшері, уәкілетті орган бекіткен әдістеме негізінде бекітіледі.
4) Жария шарт – коммерциялық ұйыммен жасалатын және осы ұйымның өз қызметінің сипатына қарай оған жүгінетін әрбір тұлғаға тауарларды сату, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету жөніндегі міндеттерін айқындайтын шарт (бөлшек сауда, қоғамдық көлікпен тасымалдау, байланыс қызметтері, энергиямен жабдықтау, медициналық және қонақүй қызметтері және т.б.).
5) Контейнер – қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға және уақытша сақтауға арналған сыйымдылық.
6) Контейнерлік алаң – қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орнатылатын, қалдықтарды жинауға арналған арнайы алаң, оған арнайы техниканың кіруі үшін жол қатынасы қарастырылған.
7) Ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындары – контейнерлік алаңдар, контейнерлер және қалдықтарды бестарлы (контейнерсіз) жинау көзделген орындар.
8) Жеке серіктес – «Clean Village» ЖШС. Жеке серіктес: (1) осы Шарттың № 3 қосымшасында көрсетілген жер учаскесін Мемлекеттік серіктестен сенімгерлік басқаруға қабылдайды, бұл учаскеде қоқысты сұрыптау кешені салынатын болады, аталған кешеннің құрылыс тапсырыс берушісі және меншік иесі ретінде әрекет етеді және ТҚҚ-ны сұрыптауды жүзеге асырады; (2) осы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ТҚҚ-ны тұрақты түрде жинауды, әкетуді және тасымалдауды жүзеге асырады.

Осы Шарт шеңберінде пайдаланылатын автокөлік құралдарының (қоқыс тасушы машиналардың) тізбесі осы Шарттың № 5 қосымшасында көрсетілген.
9) Мемлекеттік серіктес – Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V Заңына және Шымкент қаласы әкімдігінің «_» ___ 2024 жылғы № __ қаулысына сәйкес, мемлекеттік серіктес ретінде «Шымкент қаласының жайлы қалалық орта дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі әрекет етеді.
10) Жеке серіктестің өкілі – осы Шартта көзделген жағдайларда Жеке серіктестің атынан әрекет ету өкілеттігі бар, Жеке серіктес тағайындаған және сенімхат негізінде әрекет ететін тұлға.
11) Жеке серіктестің персоналы – МЖӘ жобасын іске асыру үшін Жеке серіктес жұмылдырған барлық персонал.
12) Қалдықтарды қайта өңдеу – қалдықтардан шикізатты және (немесе) кейін тауарлар немесе өзге де өнімдерді өндіруде пайдаланылатын материалдарды алу мақсатында жүргізілетін физикалық, химиялық немесе биологиялық процестер, соның ішінде сұрыптау, сондай-ақ қалдықтардың қасиеттерін өзгерту арқылы олармен жұмыс істеуді жеңілдетуге, көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайтуға бағытталған процестер.
13) Қалдықтармен жұмыс істеу (қалдықтарды басқару) – қалдықтармен байланысты қызмет түрлері, оның ішінде қалдықтардың түзілуінің алдын алу және оны азайту, қалдықтарды есепке алу және бақылау, жинақтау, сондай-ақ жинау, қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау (жинау) және жою.
14) Мемлекеттік серіктестің өкілі – Мемлекеттік серіктес тағайындайтын және осы Шартта көзделген жағдайларда Мемлекеттік серіктестің атынан әрекет етуге уәкілетті, сенімхат негізінде әрекет ететін тұлға.
15) МЖӘ нысанының құны – бекітілген тұжырымдамаға және осы Шарттың № 2 қосымшасына сәйкес МЖӘ нысанының болжамды құны. МЖӘ нысанының құны ұлғаюы мүмкін.
16) МЖӘ нысанын пайдалану – Жеке серіктестің МЖӘ нысанын оның мақсатты арналуына сәйкес пайдалануын білдіреді.
17) Уәкілетті органдар – белгілі бір салада қызметті реттеуге жауапты, сол салада рұқсат беру немесе хабарлама тәртібі енгізілген (не енгізілуі жоспарланып отырған) мемлекеттік органдар. Осы Шарт шеңберінде Уәкілетті органдарға мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ жергілікті немесе мемлекеттік басқару құрылымына кіретін және МЖӘ жобасына қатысты өкілеттіктері бар заңды тұлғалар, соның ішінде МЖӘ нысанына коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдар, сондай-ақ кез келген өзге де орган немесе тұлғалар жатады және жата алуы мүмкін, олар қандай да бір Рұқсатты беруге жауапты немесе жауапты бола алады.
18) Ақау (дефект) – осы Шарттың талаптарына қызмет көрсету сапасының кез келген сәйкессіздігі, ол үшін Ақаулық ұпайларын (дефектные очки) тағайындауға негіз болуы мүмкін.
19) Ақаулық ұпайлары – Мемлекеттік серіктес Жеке серіктеске Ақауларға немесе басқа да бұзушылықтарға байланысты тағайындайтын айыппұлдық ұпайлар. Ақаулық ұпайларын есептеу тәртібі мен шарттары осы Шарттың № 2 қосымшасына сәйкес айқындалады.

2. Қолданылатын құқықтар

2.1. Осы шартқа және осы шарт негізінде жасалған басқа да мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.
2.2. Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға қайшы келмейтін және Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын жақсартуға бағытталған нормалар мен заңдар.

3. Негізгі ережелер

3.1. Осы Шарт шеңберінде іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік серіктестіктің түрі – осы Шартты жасасу арқылы жүзеге асырылатын шарттық мемлекеттік-жекешелік серіктестік.
3.2. Мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобасын іске асыру мерзімі — 2025 жылғы «___» _____ бастап 2035 жылғы «___» _____ дейін, яғни 10 (он) жыл.
3.3. Осы Шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет – Шымкент қаласы бойынша ұйымдастырылған қатты тұрмыстық қалдықтарды (ТҚҚ) жинау орындарынан (осы Шарттың

№ 1 қосымшасында көрсетілген), соның ішінде жекеменшік сектордағы ұйымдастырылған жинау орындарынан және жекеменшік секторлардағы әр үйден ТҚҚ-ны тұрақты түрде жинау, әкету және тасымалдау, сондай-ақ оларды қайта өңдеу және/немесе сұрыптау.

3.4. Осы Шарт жасалған сәтте жекеше серіктес мынадай ресурстарға ие:
1) тұрмыстық қатты қалдықтармен (ТҚҚ) жұмыс істеу саласындағы тәжірибе мен біліктілікке;
2) жылына 300 000 тонна ТҚҚ-ға дейін өңдеу қуаты бар қоқысты сұрыптау кешенін салуға, негізгі құралдарды жаңғыртуға және ТҚҚ-ны онлайн режимде әкетуді бақылауға арналған электрондық платформаны енгізуге қажетті ішінара қаржыландыруға.

3.5. Осы Шарт жасалған сәтте мемлекеттік серіктес мынадай ресурстарға ие:
1) осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген, ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарында орналасқан контейнерлік алаңдар мен ТҚҚ жинауға арналған контейнерлерге;
2) Шымкент қаласының бүкіл аумағында ТҚҚ-ны тұрақты түрде жинау, әкету және тасымалдауды ұйымдастыру құқығына;
3) қоқысты сұрыптау кешенін салуға арналған, мақсатты мақсаты бар жер учаскесіне (кадастрлық нөмірі 22-336-068-003).
3.6. Осы мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобасы бойынша валюта тәуекелдері жекеше серіктестің мойнына жүктеледі, осыған байланысты, осы Шартта валюта тәуекелдерін реттеу тетіктері көзделмеген.
3.7. Осы Шарт бойынша мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобасының операторы тағайындалмайды.
3.8. Жобаның негізгі мақсаты – Шымкент қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинау, тасымалдау және сұрыптаудың тиімді әрі экологиялық қауіпсіз жүйесін құру. Бұл қалдықтарды басқару қызметтерінің сапасын арттыруды, заманауи диспетчерлік жүйелерді енгізуді, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуды және қалдықтарды бастапқы өңдеу сатысында сұрыптау көлемін ұлғайтуды көздейді.
3.9. Жобаның міндеті – қоқысты сұрыптау кешені іске қосылғаннан кейін, Шымкент қаласындағы барлық жеке тұлғалардан ТҚҚ жинау және қайта өңдеу қызметтерімен қамтитын, қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және қаланың барлық аудандарында қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу. Сонымен қатар, азаматтардың дұрыс сұрыптау жөніндегі хабардарлығын арттыру мен 60 экипажды онлайн-мониторингке арналған планшеттермен жабдықтауға және барлық алаңдарға толу деңгейін көрсететін датчиктер орнатуға ерекше назар аударылады.

3.10. Жобаның тікелей нәтижелеріне мыналар жатады:
1) сұрыпталған қалдықтар үлесінің артуы есебінен қалдықтарды полигондарға көму көлемін азайту;
2) халықты қалдықтарды жинау және сұрыптау қызметтерімен 100% қамту деңгейіне жету;
3) Шымкент қаласында тұрмыстық қатты қалдықтармен айналысу нарығының кемінде 80% қамту;
4) қалдықтарды неғұрлым тиімді жинау және тасымалдау есебінен Шымкент қаласының барлық аудандарының (Абай, Әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау және Тұран) санитарлық жағдайын жақсарту;
5) қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу көлемін ұлғайтуға және полигондарға түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік беретін қалдықтарды бөлек жинау жүйесін қала аумағында енгізу;
6) қоғамның қалдықтарды бөлек жинаудың маңыздылығы мен экологиялық жауапкершілік туралы хабардарлығын арттыру — бұл ақпараттық науқандар, оқу материалдарын тарату, білім беру мекемелерімен ынтымақтастық және қалдықтарды сұрыптау мен кәдеге жарату бойынша волонтерлік іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

7) Жобаның түпкілікті нәтижелеріне мыналар жатады:
8) жылына 300 мың тонна қуаттылығы бар ТҚҚ сұрыптау желісінің құрылысы;
9) кемінде 200 бірлік жартылай жерасты контейнерлерін орнату және монтаждау;
10) ТҚҚ сұрыптау желісінің жанынан диспетчерлік пункт жұмысын ұйымдастыру;

11) контейнерлік алаңдарға кемінде 50 бейнебақылау камерасын орнату және мониторинг жүргізу;
12) ТҚҚ жинау және әкету қызметін күнделікті онлайн-мониторингтеу үшін 60 арнайы техника экипажын планшеттермен жабдықтау;
13) кемінде 900 бірлік сенсорлық датчиктер арқылы ТҚҚ контейнерлерінің толу деңгейін бақылау.
3.11. Жобаны (МЖС нысанын) іске асыру айтарлықтай экологиялық әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді және қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал етеді, оның ішінде: 1) жиналатын қалдықтардың 50%-ына дейін қайта өңдеу арқылы полигондарға түсетін жүктемені азайту; 2) атмосфераға көмірқышқыл газының шығарылуын жыл сайын 30 000 тоннаға дейін қысқарту.
3.12. Қалдықтарды қайта өңдеу кешеніне меншік құқығы Жекеше серіктеске тиесілі. ТҚҚ-ға меншік құқығы олар жиналған сәттен бастап Жекеше серіктеске өтеді.

4. Келісім шарт мәні және Мемлекеттік жекеменшік серіктестік нысаны.

4.1. Осы Шарттың нысаны – Шымкент қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинау, тасымалдау және сұрыптау бойынша мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобасын іске асыру болып табылады.
4.2. Мемлекеттік-жекешелік серіктестік нысаны – Шымкент қаласы бойынша ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарынан (осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген), соның ішінде жеке сектордағы ұйымдастырылған жинау орындарынан ТҚҚ-ны тұрақты түрде жинауды, әкетуді және тасымалдауды, сондай-ақ оларды қайта өңдеуді/сұрыптауды көздейтін ТҚҚ жинау жүйесі болып табылады. Аталған жүйе келесілерді қамтиды:
1) жекеше серіктес Шымкент қаласының Тұран ауданында салатын, жылына кемінде 300 000 тонна ТҚҚ өңдеу (жүктеме) қуаты бар қоқысты сұрыптау кешені, оны одан әрі жаңғырту (қалдықтарды қайта өңдеу) мүмкіндігі қарастырылған;
2) қоқысты сұрыптау кешенін салуға арналған, мақсатты мақсаты көрсетілген жер учаскесі (кадастрлық нөмірі 22-336-068-003);
3) осы Шарт шеңберінде мемлекеттік серіктес жекеше серіктеске беретін, осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген ТҚҚ жинауға арналған контейнерлік алаңдар мен контейнерлер;
4) жекеше серіктес енгізетін, мемлекеттік серіктесіне мониторинг жүргізу құқығымен мемлекеттік әріптеспен келісілген нақты уақыт режимінде ТҚҚ жинау, әкету және тасымалдауды бақылауға және есепке алуға мүмкіндік беретін электрондық онлайн-мониторинг платформасы.
4.3. Мемлекеттік-жекешелік серіктестік нысанын құрайтын мүліктің толық сипаттамасы, оның техникалық-экономикалық сипаттамалары, қолданылатын технологиялар мен технологиялық жабдықтар туралы мәліметтер осы Шарттың 1 және 2-қосымшаларында келтірілген.
4.4. Жекеше серіктеске сенімгерлік басқаруға берілетін контейнерлік алаңдар мен контейнерлер, сондай-ақ қоқысты сұрыптау кешенін салуға арналған мақсатты мақсаты көрсетілген жер учаскесі (кадастрлық нөмірі 22-336-068-003) мемлекеттік серіктестің меншігі болып табылады.
4.5. Осы Шарт шеңберінде Мемлекеттік серіктес жекеше серіктеске Шымкент қаласы бойынша (осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген) ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарынан қалдықтарды тұрақты түрде жинауды, әкетуді және тасымалдауды, сондай-ақ оларды қайта өңдеу/сұрыптауды көздейтін орталықтандырылған қалдықтар жинау жүйесін ұйымдастыру құқығын береді. Бұл құқық Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне беріледі.
4.6. Мемлекеттік-жекешелік серіктестік нысаны қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келуге және осы Шарттың № 4 қосымшасында көрсетілген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге сай болуға тиіс.
4.7. Осы Шарттан туындайтын немесе осы Шарттың шарттарына сәйкес берілетін барлық құқықтар, өкілеттіктер мен міндеттемелер жекеше серіктес үшін ерекше болып табылады. Мемлекеттік серіктес Шарттың қолданылу мерзімі ішінде бұл құқықтар мен міндеттемелерді жекеше серіктестің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

4.8. Осы Шарт шеңберінде мынадай талаптар елеулі талаптар болып танылады: 1) Шарттың нысанасы; 2) Мемлекеттік-жекешелік серіктестік нысаны және оған қатысты мүліктік құқықтар; 3) Шарттың қолданылу мерзімі; 4) Шартты іске асыру тәртібі.

5. Мемлекеттік серіктестің құқықтары мен міндеттемелері.

5.1. Мемлекеттік серіктес құқылы:

1) Шарт талаптарын келісу мақсатында Жеке серіктеспен келіссөздер жүргізуге;
2) Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік нысанын салу және пайдалану бойынша мониторингті және бағалауды заңнамаға сәйкес жүзеге асыруға;
3) Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік нысанына алдын ала хабарламадан кейін кедергісіз қол жеткізу құқығына ие болуға;
4) Жеке серіктестен Шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды талап ету және алуға;
5) Жеке серіктестің Шарт бойынша жұмысын бақылау және заңнама мен Шарт талаптарын сақтау кезінде жіберілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;
6) Жеке серіктес Шарт талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда, Шартты сот тәртібімен бұзуды талап етуге;
7) Шарт талаптарын өзгерту бойынша ұсыныстар енгізуге;
8) Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік нысанына қатысты құқықтарды Шартта көрсетілген шарттар бойынша жүзеге асыруға;
9) Шартта көзделген жағдайларда шығындар мен залалды өтеуді талап ету;
10) Шарт және заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

5.2. Мемлекеттік серіктес міндеттеледі:

1) ұйымдастырушылық-бұйрықтық құжат негізінде өз өкілін тағайындауға;
2) осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген, ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарында орналасқан контейнерлік алаңдар мен контейнерлерге 2025 жылғы «31» желтоқсанға дейін түгендеу жүргізуге және оларды балансқа алуға, аталған объектілерге қатысты барлық қажетті құжаттаманы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келтіруге, содан кейін контейнерлік алаңдар мен қоқысты сұрыптау кешенін салуға арналған жер учаскесін (кадастрлық нөмірі 22-336-068-003) осы Шарттың қолданылу мерзіміне сенімгерлік басқаруға жекеше серіктеске беруге;
3) осы Шарт пен оның қосымшаларына қол қою арқылы жекеше серіктеске осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген, соның ішінде жеке сектордағы ұйымдастырылған жинау орындарын қамтитын Шымкент қаласы бойынша қалдықтарды тұрақты түрде жинау, әкету және тасымалдауды көздейтін орталықтандырылған қалдық жинау жүйесін ұйымдастыру құқығын Шарттың қолданылу мерзіміне беруге;
4) егер Шарт мерзімінен бұрын бұзылса және бұл Жекеше серіктестің кінәсінен болмаса, Жекеше серіктестің осы мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобасын іске асыруға байланысты шеккен барлық шығындарын және мерзімінен бұрын бұзуға байланысты нақты залалын толық көлемде өтеуге;
5) уәкілетті органдармен бірлесіп, қоқысты сұрыптау кешенін салу жүзеге асырылатын жер учаскесін Жекеше серіктеске беруді қамтамасыз етуге;
6) осы Шарттың талаптарын іске асыруда Жекеше серіктеске қажетті қолдау көрсетуге;
7) осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген учаскелерде орналасқан ТҚҚ алаңдарының, контейнерлердің және олардың маңындағы 5 метр радиустағы аумақтың жай-күйін қажет болған жағдайда тексеруге және анықталған ескертулерді жою үшін Жекеше серіктеске жолдауға;
8) осы Шарттың талаптарын іске асыруда Жекеше серіктеске кедергі келтірмеуге;
9) осы Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемелерді тиісінше орындауға;
10) Жекеше серіктестен Шарт шеңберіндегі қызметті оңтайландыруға қатысты келіп түскен барлық ұсыныстарды 15 күн ішінде қарауға және жазбаша жауап беруге;

11) ТҚҚ әкету шарттарындағы барлық өзгерістер туралы Жекеше серіктесті уақтылы хабардар етуге;
12) Шартпен және заңнамада белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға.

6. Жеке Серіктестің құқықтары мен міндеттемелері.

6.1. Жекеше серіктес құқылы;
1) осы Шарт шеңберіндегі қызметтен кірістер алуға;
2) бекітілген тарифке сәйкес және жария шарт негізінде ТҚҚ жинауды жүзеге асыруға;
3) салықтар мен басқа да міндетті бюджет төлемдерін төлегеннен кейін, мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобасы шеңберінде алынған табысты өз қалауы бойынша пайдалануға;
4) осы Шартта көзделген талаптар шеңберінде МЖС нысанына қатысты құқықтарды жүзеге асыруға;
5) осы Шартқа сәйкес, МЖС нысанын құру және пайдалану бойынша жұмыстарды орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуға, бұл ретте олардың іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілік жекеше серіктеске жүктеледі;
6) осы Шартта көзделген жағдайларда шығындар мен залалды өтеуді талап етуге;
7) мемлекеттік серіктестің осы Шартты елеулі түрде бұзуы жағдайында Шартты сот тәртібімен бұзуды талап етуге;
8) шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізуге;
9) ТҚҚ шығару бойынша жұмыстарды орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуға, бұл ретте олардың әрекеттері үшін толық жауапкершілік жекеше серіктеске жүктеледі;
10) МЖС нысанының Құнын ұлғайту жағдайында нақты жобалық құны көрсетілетін Шартқа қосымша келісім жасасуды талап етуге;
11) Шартқа және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

6.2. Жеке серіктес міндеттеледі:
1) Шартқа қол қойылған күннен бастап үш ай ішінде Шымкент қаласындағы ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарының барлық учаскелерін қызмет көрсетуге қабылдауға және осы Шарттың № 5 қосымшасында көрсетілген мамандандырылған техникамен (автокөлікпен) қамтамасыз етілуге;
2) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде, Мемлекеттік серіктестен тиісті ақпарат алған жағдайда, жекелеген санаттағы азаматтарға ТҚҚ шығаруға көрсетілетін қызметтер бойынша жеңілдіктер ұсыну үшін бар күшін салып, мүмкіндігінше жағдай жасауға;
3) өңірдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында, уәкілетті органдармен бірлесіп, жергілікті кадрларды тартуға бағытталған бағдарламалар әзірлеуге мүмкіндігінше күш салуға;
4) жоба-сметалық құжаттаманы әзірлеуді, қоқысты сұрыптау кешенін жобалауды және салуды, оны қажетті технологиялық жабдықтармен және техникамен жарақтандыруды, әрі қарай пайдалануын қамтамасыз етуге;
5) құрылыс аяқталғаннан кейін, белгіленген тәртіпке сәйкес, 3 айдан кешіктірмей қоқысты сұрыптау кешенін пайдалануға беруді қамтамасыз етуге;
6) осы Шарттың талаптарына, абаттандыру ережелеріне және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес ТҚҚ жинауға арналған контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды (сондай-ақ жаңадан орнатылған алаңдарды) тиісінше пайдалануды, уақтылы қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыруға;
7) осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген учаскелерде орналасқан контейнерлік алаңдарға және контейнерлерге жыл сайын немесе қажеттілікке қарай Мемлекеттік серіктеспен келісу арқылы күрделі және (немесе) ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ контейнерлерді жаңартуды жүзеге асыруға;

8) Мемлекеттік серіктес бекіткен тіркелген учаскелер бойынша ТҚҚ әкету графигін сақтауға;
9) Мемлекеттік-жекешелік серіктестік нысанының бастапқы бейінін (мақсатын) сақтауға;
10) ТҚҚ нысанына барған кезде қауіпсіздік шаралары сақталған жағдайда, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдарға, Мемлекеттік серіктеске және оның өкілдеріне Шарттың талаптарының орындалуын бақылау мақсатында қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыстар жүргізілетін орындарға қол жеткізуді ұсынуға, сондай-ақ олар тарапынан анықталған Шарт пен заңнама талаптарының бұзылуын өз қаражаты есебінен және өз күшімен уақтылы жоюға;
11) жер учаскесін алған күннен бастап алты айдан кешіктірмей, қоқысты сұрыптау кешенін одан әрі салу үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қажетті барлық рұқсат құжаттарын алу рәсімін бастауды;
12) МЖС нысанының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында персоналды уақтылы іріктеуді жүргізуге;
13) қоқысты сұрыптау кешенін салу және пайдалану үшін персоналды жалдау кезінде, басқа талаптар тең болған жағдайда, жергілікті кадрларға басымдық беруге;
14) қоқысты сұрыптау кешенін салу және пайдалану кезінде, мұндай мердігер ұйымдардың көрсететін қызметтері ұлттық және/немесе халықаралық стандарттарға сай келетін жағдайда, қазақстандық мердігер ұйымдарды тартуға;
15) жекеше серіктестің персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
16) МЖС нысанында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, соның ішінде контейнерлік алаңдар мен ондағы контейнерлердің тиісті санитариялық және техникалық жай-күйін ұстауға.
- контейнерлік алаңдарда және контейнерлерде шыбындарға, тарақандарға, егеуқұйрықтарға қарсы дезинфекциялау, дератизациялау және дезинсекциялау шараларын жүргізуді қамтамасыз етуге;
- контейнерлік алаңның айналасындағы 5 метр радиустағы аумақта қоқысты жинау және шығару жұмыстарын жүзеге асыруға;\
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылыс қалдықтары мен ірі көлемді қоқыстарды жеке тұлғалардан, контейнерлік алаңдардан және іргелес аумақтан шығаруды жүзеге асыру;
- заңнама талаптарының бұзылғаны анықталған контейнерлік алаңдар радиусында барлық әрекеттерді тәулік бойы жазуға мүмкіндік беретін бейнемониторингтің кешенді жүйесін орнатуға;
- егер бейнемониторинг жүйесі заң талаптарының бұзылғанын анықтаса, бұзушылық фактісі туралы уәкілетті органдарға (полицияға, төтенше жағдайлар органдарына, жедел жәрдемге және т.б.) хабарлап, Мемлекеттік серіктеске де осы туралы жазбаша түрде хабар беруге, сондай-ақ Мемлекеттік серіктестің негізделген талабы бойынша қосымша техниканы тартуға;
- күн сайын ТҚҚ жинау және тасымалдау үшін кемінде 60 бірлік мамандандырылған техниканың желіге шығуын қамтамасыз етуге.
17) МЖС жобасын іске асыру барысында көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасын абаттандыру ережелеріне, санитариялық нормаларға және Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге;
18) қоқысты сұрыптау кешені пайдалануға берілгеннен кейін оған келіп түсетін ТҚҚ-ны сұрыптауды қамтамасыз етуге;
19) еңбек, халықты жұмыспен қамту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;
20) Шарт талаптарына сәйкес кез келген ақаулар мен өзге де бұзушылықтарды уақтылы жоюға;
21) 2025 жылғы «31» желтоқсанға дейін ТҚҚ жинау, әкету және тасымалдау процестерін нақты уақыт режимінде бақылауға және есепке алуға, шығарылған және қабылданған ТҚҚ көлемін тіркеуге мүмкіндік беретін онлайн режимдегі мониторингтің электрондық платформасын енгізуді қамтамасыз етуге;

22) Қоқысты сұрыптау кешенін салу шеңберінде тартылған екінші деңгейдегі банктер алдындағы кредиттік міндеттемелерді тиісінше орындауға;
23) Шарттың мерзімінен бұрын, Мемлекеттік серіктестің кінәсінен емес, бұзылған жағдайында, МЖС жобасын іске асыруға байланысты шеккен барлық шығындарды, сондай-ақ Шартты мерзімінен бұрын бұзуға байланысты туындаған нақты залал мөлшерінде Мемлекеттік серіктеске толық көлемде өтемақы төлеуге;
24) қызмет көрсетілетін учаскеде тұрмыстық қалдықтардың рұқсат етілмеген үйіндісі пайда болған жағдайда, оны өз қаражаты есебінен жоюды қамтамасыз етуге;
25) Мемлекеттік серіктеске өз қызметі туралы ақпарат пен осы Шартта және заңнамада көзделген есептілікті ұсынуға, оның ішінде тоқсан сайын тұтынушылармен жасалған шарттар саны, ТҚҚ жинау және әкету қызметтерінің көлемі, контейнерлерді жөндеу, контейнерлік алаңдар мен контейнерлерде дезинфекция, дератизация және дезинсекция жүргізу, ТҚҚ өңдеу көлемі және алынған пайдалы компоненттердің үлесі туралы ақпаратты қағаз және электрондық нұсқада беруге;
26) осы Шартта және заңнамада белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға;
27) Тараптар Шартқа және қабылдап-беру актілеріне қол қойғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік серіктеске арнайы автокөліктерге, қоқыс алаңдарына және контейнерлерге біртұтас қалалық келбет (дизайн) беру мақсатында оларды брендингтеудің эскиздік жобасын келісуге ұсынуға және оны өз қаражаты есебінен іске асыруға;
28) Мемлекеттік серіктеспен келісу арқылы пайдалану мерзімі 7 жылдан асқан арнайы автокөліктерді жаңартуды қамтамасыз етуге;
29) осы Шарттың 4-қосымшасына сәйкес ТҚҚ мониторингі, диспетчерлендіру және бейнебақылау жүйесін ұйымдастыру іс-шараларын іске асыруға, соның ішінде бейнежабдықпен жарақтандыру және монтаждау, планшеттермен қамтамасыз ету, диспетчерлік орталықты жабдықтау және монтаждау, сенсорлық датчиктермен жабдықтау;
30) кемінде 200 жартылай жерасты контейнерді орнатуды қамтамасыз етуге;
31) Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін, қоқысты сұрыптау кешенін, жартылай жерасты және жерасты контейнерлерін, контейнерлік алаңдарды, бейнебақылау камераларын, планшеттерді, сенсорлық датчиктерді және диспетчерлік пунктті Мемлекеттік серіктестің балансына өткізуге.

7. Қоқыс сұрыптау кешенінің құрылысын ұйымдастыру.

7.1. Қоқысты сұрыптау кешені жекеше серіктес тартатын қаражат есебінен, өз материалдарын пайдалана отырып және өз күшімен, 2027 жылғы «31» желтоқсаннан кешіктірілмей салынады.
7.2. Жекеше серіктес қоқысты сұрыптау кешенін осы Шартта және жобалық-сметалық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес салады.
7.3. Жекеше серіктес қоқысты сұрыптау кешенінің осы Шартта белгіленген сипаттамаларға техникалық сәйкестігі үшін жауап береді.
7.4. Мемлекеттік серіктес уәкілетті органдармен бірлесіп, осы Шарттың 5.2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, жер учаскесін жекеше серіктестің сенімгерлік басқаруына беруді қамтамасыз етеді.
7.5. Мемлекеттік серіктес қоқысты сұрыптау кешенінің құрылысын ұйымдастыру кезінде жекеше серіктеске әкімшілік қолдау көрсетуді өзіне міндеттейді.
7.6. Жекеше серіктес қоқысты сұрыптау кешенін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес, осы Шартта көрсетілген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге сай пайдалануға енгізеді.
7.7. Егер жекеше серіктес осы Шартта белгіленген мерзімдерде қоқысты сұрыптау кешенін салу және (немесе) пайдалануға беру мүмкіндігін жоққа шығаратын, тараптардың еркінен тыс мән-жайларды анықтаса, онда ол мұндай мән-жайлар туралы Мемлекеттік серіктеске дереу хабарлауға міндетті, бұл тараптардың

Шартты одан әрі орындау бойынша бірлескен іс-қимылдарын келісе отырып айқындау мақсатында жасалады.

8. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлік алаңдар мен контейнерлерді тапсыру тәртібі.

8.1. Мемлекеттік серіктес осы Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген учаскелерде орналасқан контейнерлік алаңдарға қатысты құқық белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттаманы қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіреді. Мемлекеттік серіктес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аталған контейнерлік алаңдар орналасқан учаскелерге жер пайдалану құқығына актілерді, нысаналы мақсаты – «ТҚҚ-ға арналған контейнерлік алаңды орналастыру үшін» ретінде ресімдеп, объект ретінде – ТҚҚ-ға арналған контейнерлік алаң екенін айқындайтын тиісті техникалық құжаттаманы алуға міндетті. Мемлекеттік серіктес барлық құқық белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттарды 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін дайындап, ұсынуға міндеттенеді.

8.2. Осы Шарттың 8.1-тармағының ережелерін іске асыру шеңберінде Жекеше серіктес қажет болған жағдайда Мемлекеттік серіктеске қолдау көрсетеді.

8.3. Құжаттама тиісті күйге келтірілгеннен кейін Мемлекеттік серіктес осы Шарттың шеңберінде осы Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген учаскелерде орналасқан контейнерлік алаңдарды сенімгерлік басқаруға Жекеше серіктеске сенімгерлік басқару шарты негізінде береді.

8.4. Жекеше серіктес контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды тиісінше пайдалануға және күтіп-ұстауға, оның ішінде Мемлекеттік серіктеспен келісу арқылы оларды қажетіне қарай жөндеуден өткізуге міндеттеме алады.

8.5. Контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды сенімгерлік басқаруға беру сенімгерлік басқару шартына қол қою арқылы жүзеге асырылады және олар бойынша меншік құқығы Жекеше серіктеске берілмейді.Тараптар қол қойған контейнерлерді қабылдау-тапсыру актілері мен контейнерлік алаңдарды қабылдау-тапсыру актілері осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

8.6. Тараптар қол қойған контейнерлерді және контейнерлік алаңдарды қабылдау-тапсыру актілері осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

8.7. Контейнерлерді және контейнерлік алаңдарды қабылдау-тапсыру актілерінде мынадай міндетті талаптар болуы тиіс:

1) Контейнерлерді беру кезінде:
   a) контейнерлердің техникалық сипаттамалары, олардың спецификациясы;
   b) беру сәтіндегі контейнерлердің жай-күйі;
   c) контейнерлердің саны;
   d) контейнерлердің орналасқан және орнатылған орны.
2. Контейнерлік алаңдарды беру кезінде:

a) контейнерлік алаңның орналасқан жері және нақты мекенжайы;

b) барлық құқық белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттарды қоса алғандағы құжаттардың тізбесі;

c) контейнерлік алаңның беру сәтіндегі нақты жай-күйі;

d) контейнерлік алаңдардың саны.

8.8. Контейнерлік алаңдарға, соның ішінде жаңа контейнерлік алаңдарға қатысты құқық белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда, Мемлекеттік серіктес мұндай құжаттарды алғаннан кейін, осы Шарттың №1 қосымшасында көрсетілмеген жаңа контейнерлік алаңдарды қоса алғанда, контейнерлік алаңдарды Жекеше серіктеске жеке қабылдау-тапсыру актілері негізінде беруге міндеттенеді.

8.9. Контейнерлік алаңдар мен жеке тұлғалардан тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару Шымкент қаласының бүкіл аумағында Жекеше серіктеспен жүзеге асырылады. Бұл талап заңды тұлғалардан ТҚҚ шығаруға қолданылмайды, оны өзге компаниялар жүзеге асыра алады.

8.10. Контейнерлер мен контейнерлік алаңдардың кездейсоқ бүліну тәуекелі Тараптар арасында тиісті қабылдау-тапсыру актілеріне қол қойылған сәттен бастап Мемлекеттік серіктестен Жекеше серіктеске өтеді.
8.11. Жекеше серіктес сенімгерлік басқару шеңберінде берілген мүлікке қатысты жүзеге асырған қажетті шығыстарды өтеу және басқару үшін сыйақы төлеу қарастырылмайды.

9. Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқарудың кешенді орталықтандырылған жүйесін ұйымдастыру.

9.1. Осы Шартқа сәйкес, Мемлекеттік серіктес Жекеше серіктеске Шымкент қаласы бойынша (осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген) ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жүйелі түрде жинауды, шығаруды және тасымалдауды ұйымдастыру, сондай-ақ оларды қайта өңдеуді/іріктеуді жүзеге асыру құқығын береді. Бұл құқық осы Шарттың қолданылу мерзіміне дейін жарамды.
9.2. Жекеше серіктес жария шарт негізінде бекітілген тариф бойынша төлемді өндіріп алуға құқылы.
9.3. Осы Шарт шеңберінде Жекеше серіктес ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды жүйелі түрде шығаруды және оларды осы Шарт шеңберінде салынатын қоқысты сұрыптау кешеніне одан әрі қайта өңдеуге тасымалдауды тиісінше қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарынан ТҚҚ жүйелі түрде шығарылуы Мемлекеттік серіктес бекіткен кестелерге сәйкес жүзеге асырылады.
9.4. Жекеше серіктес қоқысты сұрыптау кешеніне келіп түсетін ТҚҚ-ны сұрыптауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.
9.5. Шымкент қаласының барлық аудандарындағы ұйымдастырылған ТҚҚ жинау орындарын, соның ішінде жекеменшік сектордағы барлық ұйымдастырылған жинау орындарын және олардың қайта өңделетін/сұрыпталатын орындарын қамтитын ТҚҚ-ны жүйелі түрде жинау, шығару және тасымалдауды ұйымдастыру құқығын жүзеге асыру шеңберінде, Жекеше серіктес 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін ТҚҚ шығаруды онлайн режимінде бақылау үшін электрондық мониторинг платформасын енгізуге міндеттенеді. Бұл платформа нақты уақыт режимінде ТҚҚ жинау, шығару және тасымалдау үдерістерін бақылауға және шығарылған әрі қабылданған ТҚҚ көлемін есепке алуға мүмкіндік береді..

10. Мемлекеттік – жекеменшік серіктестік жобасын инвестициялау.

10.1. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері, құрылымы және көлемі осы Шарттың № 2 және № 6 қосымшаларында көрсетілген. Жекеше серіктес жобаны өз қаражаты және қарыз қаражаты есебінен қаржыландырады.
10.2. Мемлекеттік серіктеске МЖӘ Нысанын салуға және пайдалануға байланысты Жекеше серіктестің шығыстарын, соның ішінде негізгі құралдарға салым түріндегі инвестицияларды немесе сыртқы қаржыландыру құрылымындағы қатысуды қаржыландыру бойынша қандай да бір міндеттемелер жүктелмейді.
10.3. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының, халықаралық немесе ұлттық стандарттардың және бухгалтерлік есептің үлгілік шоттар жоспарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін, өз қажеттілігі мен қызмет ерекшеліктеріне қарай Жекеше серіктес есеп саясатын қабылдауға міндетті.
10.4. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының, есеп саясатының, операциялардың тиімді жүргізілуін, активтердің сақталуын, сондай-ақ бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезінде ұрлық пен қателіктердің алдын алу және анықтау бойынша шаралардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Жекеше серіктес ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы. Бұл қызметке Мемлекеттік серіктестің өкілдері тартылуы мүмкін.

11. Рұқсаттар

11.1. Жеке серіктес өз қаражаты есебінен МЖС Нысанын салу және пайдалану үшін заңнамаға сәйкес қажет болуы мүмкін барлық рұқсаттарды, соның ішінде уәкілетті органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын алуға, қолданыста ұстауға және мерзімін ұзартуға міндеттенеді.

12. Табыс алу көздері.

12.1. Жеке серіктестің табыс алу көздері мыналар:
1) қайта өңделген шикізатты, және қайта өңделген шикізаттан алынатын өнімдерді сатудан түскен табыс;
2) қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметтерін көрсетуден түскен табыс;
3) заңнамада тыйым салынбаған өзге де табыс көздері.

12.2. 31 қазан 2015 жылғы «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес, Жеке серіктеске өтемақы және сыйақы төленбейді.

12.3. Осы Шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табыстар Жеке серіктестің меншігі болып табылады.

12.4. Жеке серіктес осы Шарттың талаптарына сәйкес МЖС Нысанын пайдаланғаны үшін Мемлекеттік серіктеске ақы төлемейді.

12.5. Жеке серіктестің Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және кәдеге жарату қызметтері бойынша тарифті белгілеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

12.6. Мемлекеттік серіктес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және кәдеге жаратуға арналған тарифті арттыру қажеттілігі туындаған жағдайда тиісті қолдау көрсетеді.

13. МЖС нысанын эксплуатациялау

13.1. Жеке серіктес Шымкент қаласы бойынша ТҚҚ-ны ұйымдасқан жинау орындарынан (осы Шарттың №1 қосымшасында көрсетілген) тұрақты түрде жинауды, әкетуді және тасымалдауды, оларды өңдеуді/іріктеуді қамтитын ТҚҚ-мен басқару циклін қамтамасыз етеді. Бұл цикл Жеке серіктестің өз күшімен және қаражатымен, оның ішінде персоналмен, автокөлік және техникалар паркімен, технологиялық жабдықтармен және технологиялармен МЖӘ нысанын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

13.2. ТҚҚ-ға меншік құқығы оны жинаған сәттен бастап Жеке серіктеске өтеді.

13.3. Жинау операцияларынан кейін ТҚҚ сұрыптау және қайталама пайдалануға жарамды қалдықтарды таңдау мақсатында қалдықтарды сұрыптау кешеніне жеткізіледі.

13.4. МЖӘ нысанын пайдалану мерзімі – осы Шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес 2035 жылғы 31 наурызға дейінгі 10 (он) жылды құрайды.

13.5. Жеке серіктес МЖӘ нысанын пайдалану барысында өз есебінен және өз күшімен:
1) мүліктің техникалық жай-күйін, сақталуын және жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз етеді;
2) ағымдағы және/немесе күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізеді;
3) мүлікті пайдалануға байланысты барлық төлемдерді жүзеге асырады;
4) қолданыстағы заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

13.6. Жеке серіктес МЖӘ нысанын пайдаланудың қауіпсіздігін және сапасын қолданыстағы заңнамаға сәйкес қамтамасыз етуге міндетті.

13.7. Жеке серіктес қалдықтарды сұрыптау кешені пайдалануға берілген сәттен бастап, осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін оның жұмысқа жарамдылығын қолдауға міндеттенеді.

13.8. Жеке серіктес МЖӘ нысанын үшінші тұлғаларға беруге, кепілге қоюға, оның нысаналы мақсатын өзгертуге, сондай-ақ Мемлекеттік серіктестің жазбаша келісімінсіз мүлікке қандай да бір өзгерістер енгізуге (ағымдағы және күрделі жөндеуден басқа) құқылы емес.

14. Салық салу

14.1. Осы Шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу міндеттемесі туындаған сәтте қолданылатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Осы Шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жеке серіктесті Шарт шеңберінен тыс жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындаудан, салықтық міндеттеме туындаған күнгі қолданылатын салық заңнамасына сәйкес, босатпайды.

15. Мемлекеттік серіктес тарапынан шарттың орындалуына бақылау жүргізу тәртібі.

15.1. Мемлекеттік серіктес заңнамамен белгіленген тәртіпте Жеке серіктестің Шарттың шарттарын сақтауын, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін, сондай-ақ МЖӘ Нысанын ұстау және пайдалану міндеттемелерін Шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес бақылауға құқылы.

15.2. Бақылаудың негізгі бағыттары.

1) МЖС Нысанын пайдаланудың сапасы, тиімділігі және оның бейінінің сақталуы;
2) Заңнама талаптары мен Шартта белгіленген шарттардың сақталуы;
3) Қоршаған ортаны қорғау талаптары мен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарының сақталуы.

15.3. Мемлекеттік серіктес Жеке серіктестің қызметін бақылау барысында Шарт талаптарын сақтауына елеулі әсер етуі мүмкін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Мемлекеттік серіктес Жеке серіктеске анықталған бұзушылықтарды 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жою туралы жазбаша талап жолдайды.

15.4. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті ақпаратты уақытылы бір-біріне ұсынуға және Шартта көзделген міндеттемелердің тиісінше орындалуына әсер етуі мүмкін маңызды оқиғалар туралы дереу бір-бірін хабардар етуге міндетті.

15.5. Жеке серіктес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша алдағы жылға шығындарды жоспарлауды дербес жүзеге асырады және Мемлекеттік серіктеске тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарын ұсынбайды.

15.6. Тараптар осы Шарт шеңберінде Жеке серіктестің міндеттемелерін орындауын мониторингтеу Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады деп келісті.

15.7. Мониторингтің нақты әдістеріне мыналар кіреді:

1) Жобаны іске асыру барысы туралы мәліметтерді ұсына отырып, тоқсандық және жылдық есептерді дайындау.
2) Жобаны іске асырудың ағымдағы жағдайын талдау және қажет болған жағдайда түзету шараларын келісу үшін Тараптар өкілдерінің бірлескен жұмыс кездесулерін өткізу.

15.8. Мониторинг нәтижелері актілер немесе есептер түрінде рәсімделеді және Тараптардың уәкілетті өкілдерімен қол қойылады.

15.9. Егер бекітілген талаптарға сәйкессіздік немесе ауытқулар анықталған жағдайда, Тараптар осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шұғыл шаралар қабылдауға міндеттенеді.

16. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару шаралары.

16.1. Тараптар МЖС жобасы бойынша тәуекелдерді шарттың талаптарына сәйкес өз мойнына алады.
16.2. Тараптар тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару шараларын ескере отырып, шартқа қоса берілген № 7 қосымшаға сәйкес жүзеге асыру туралы келісімге келді.

17. Тараптардың жауапкершілігі

17.1. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікке тартылады.
17.2. Мемлекеттік серіктес Жеке серіктеске шартта көрсетілген талаптардың бұзылуы жағдайында бұзушылық анықталған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, шарттың тиісті тармағының және/немесе талаптары бұзылған құжаттың нақты көрсетілуімен анықталған бұзушылықты жою туралы жазбаша немесе электрондық түрде талап жібереді. Бұл ретте бұзушылықты жою мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды.
17.3. Жеке серіктес Мемлекеттік серіктеске шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған кезде, айыппұл түрінде өсімпұл төлейді.
17.4. Мемлекеттік серіктес Жеке серіктеске Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған кезде, айыппұл түрінде өсімпұл төлейді.
17.5. Кінәлі Тарап міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін тиісті жылға белгіленген 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде, бірақ 1000 (мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын айыппұл (өсімпұл) төлейді, егер Шарттың басқа тармақтарында өзгеше жағдайлар көзделмесе.
17.6. Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға екінші Тараптың өз міндеттемелерін бұзуы кедергі келтірген жағдайда, Тарап екінші Тарапты дереу хабардар ете отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бастамауға немесе оларды орындауды тоқтата тұруға құқылы.
17.7. Осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптардың шығындарын өтеу осындай бұзу кезінде Тараптар айқындаған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.
17.8. Осы Шарт елеулі түрде бұзылған жағдайда, Тараптар сот тәртібімен біржақты түрде Шартты бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте елеулі бұзушылық деп – бір Тараптың Шартты бұзуы нәтижесінде екінші Тарап осы Шартты жасасу кезінде негізді түрде үміттенген нәрседен елеулі түрде айырылатын жағдай танылады. Осы Шарттың елеулі бұзылуы ретінде мынадай мән-жайлар танылуы мүмкін:

1) Жеке серіктестің қоқыс сұрыптау кешенін салу және оны пайдалану бойынша, оның ішінде ТҚҚ сұрыптау көлемдері мен сапасын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы.
2) Жеке серіктестің ТҚҚ шығаруды онлайн режимінде бақылаудың электрондық платформасын енгізу жөніндегі міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы.
3) Мемлекеттік серіктестің Жеке серіктеске Шымкент қаласы бойынша ТҚҚ ұйымдасқан жинау орындарынан (осы Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген) ТҚҚ-ны жүйелі түрде жинауды, шығаруды және тасымалдауды ұйымдастыру құқығын беру жөніндегі міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы.
4) Мемлекеттік серіктестің осы Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген учаскелерде орналасқан контейнерлік алаңдар мен контейнерлерді Жеке серіктеске беру жөніндегі міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы.

5) Мемлекеттік серіктестің осы Шарттың 5.2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Жеке серіктеске жер учаскесін беру жөніндегі міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы.

17.9. МЖС нысанын пайдалану нәтижесінде туындаған міндеттемелер бойынша қарыздар Жеке серіктестің қаражаты мен активтері және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

17.10. Жеке серіктес жобаның мақсатына қол жеткізуге жауапты.

17.11. Қызмет көрсету шарттарын бұзған жағдайда, Мемлекеттік серіктес осы Шартқа №8 Қосымшаға сәйкес Ақаулық ұпайлар тағайындайды.

18. Дауларды шешу тәртібі

18.1. Шартты орындау және тоқтату барысында туындайтын даулар Тараптардың келіссөздер жолымен шешіледі.

18.2. Егер Шартты орындау, өзгерту немесе тоқтату кезінде туындаған дауларды келіссөздер арқылы 3 (үш) ай ішінде шешу мүмкін болса, Тараптар осы мерзімде мәселені реттеуге құқылы.

18.3. Осы Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты кез келген даулар, оның ішінде Шарттың бар екендігіне, жарамдылығына немесе тоқтатылуына қатысты кез келген мәселелер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады. Шартқа Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

19. Шарттың тұрақтылығына кепілдіктер

19.1. Жеке серіктестің құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

19.2. Шарт талаптарын өзгерту мен толықтыру тек Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

19.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген Жеке серіктестің осы Шарт бойынша кәсіпкерлік қызметінің нәтижелерін қиындататын өзгерістер мен толықтырулар, егер олар енгізілгенге дейін Шарт жасалған болса және заңнамада нормативтік құқықтық актінің кері күші тікелей көзделмесе, Шартқа қолданылмайды.

20. Шартты өзгерту, толықтыру, тоқтату және бұзу шарттары.

20.1. Мемлекеттік серіктес пен Жеке серіктес өзара келісім бойынша Шартқа елеулі талаптарды, бастапқы параметрлер мен МЖС жобасының сипаттамаларын өзгертпей, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Бұл өзгерістер мен толықтырулар Шартқа жазбаша түрде қосымша келісімдер жасау арқылы жүзеге асырылады.

20.2. Шарт төмендегдей жағдайларда күшін жояды:

1) Шарттың қолданылу мерзімі;
2) Сот шешімі бойынша;
3) Шартта және заңнамада көзделген өзге жағдайларда.

20.3. Тараптар осы Шартта қандай да бір Тараптың оны біржақты тәртіпте орындаудан бас тартуына мүмкіндік беретін ерекше шарттар жоқ екенін мойындайды және келіседі.

20.4. Жеке серіктес осы шарттың күші жойылған жағдайда, барлық жұмысты тоқтатуға міндетті, тек МЖС нысанын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстардан басқа. Сонымен қатар, Жеке серіктес Мемлекеттік серіктестің мүлкін табиғи тозуын ескере отырып, толық көлемде қайтаруға міндетті.

20.5. Осы Шартқа енгізілетін барлық қосымша келісімдер оның ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың өкілетті өкілдерімен қол қойылуға тиіс.

20.6. Осы Шарттың күші жойылған жағдайда, Тараптардың оның шарттары бойынша міндеттемелері тоқтатылады. Алайда бұл, егер Шарт талаптарын орындау кезінде Тараптар тарапынан қандай да бір бұзушылықтар орын алған болса, олардың жауапкершіліктен босатылуын білдірмейді.

21. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

21.1. Жеке серіктес өз қаражаты есебінен МЖС нысанын пайдалану кезінде алынған зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтарға ие болады. Бұл нәтижелер Жеке серіктестің меншігі болып табылады.

22. Келісім шарт тілі

22.1. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалып, тең заңды күші бар төрт түпнұсқа данадан тұрады, оның 2 данасы Мемлекеттік серіктеске, 2 данасы Жеке серіктеске беріледі.
22.2. Егер Шарттың мазмұнын түсіндіру және талқылау барысында келіспеушіліктер немесе даулар туындаса, орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.
22.3. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдерін іскерлік айналым мен қарым-қатынас тілі ретінде пайдалануға келіседі.
22.4. Шарт күшіне енген күннен бастап Шарттың орындалуына қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат орыс тілінде әзірленеді.

23. Шарттың қолданылу мерзімі\

23.1. МЖС шарты уәкілетті тіркеуші органда мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді және 10 (он) жыл бойы қолданылады.

24. Сақтандыру

24.1. Сақтандыру келесімен байланысты мүліктік қауіптер мен жауапкершілік қауіптерін сақтандыруды көздейді яғни:
1) құрылыс жүргізілетін орынға жеткізілетін жүктерді тасымалдау және қоймалау;
2) Жеке серіктестің құрылысқа пайдаланылатын мүлкі, оның ішінде жалға алынған немесе лизингке берілген мүлік;
3) Қоршаған ортаның, соның ішінде жердің ластануы және табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға жұмсалған шығындар;
4) Үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық - құқықтық жауапкершілік.

24.2. Жеке серіктес мүліктік қауіптер мен жауапкершілік қауіптерін сақтандыру қажеттілігі туралы шешімді дербес қабылдайды және Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес сақтандыру компанияларын өз қалауы бойынша таңдайды.

25. Құпиялылық

25.1. Шарттың ережелері, сондай-ақ Шартты орындау барысында қандай да бір Тарап алған немесе иеленген ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.
25.2. Тараптар құпия ақпаратты басқа Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес, келесі жағдайларды қоспағанда:
1) азаматтық-процестік және қылмыстық-процестік заңнамада көзделген тәртіпте сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша ақпарат ұсыну;
2) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, мемлекеттік статистикалық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға уәкілетті мемлекеттік органдарға ақпарат ұсыну жағдайында;
